Пайдалану бойынша нұсқаулық

Желілік зарядтағыш құрылғы
P601CGP, P451CGP

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсынымдар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойып, өнімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Желілік зарядтағыш құрылғы мобильді құрылғыларды айнымалы ток желісінен зарядтауға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.

- Қысқа тұйықталудың алдын алу үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен жанасуына жол бермеңіз, оның жанына сұйықтығы бар ашық ыдыстарды қоймаңыз.
- Құрылғыны электромагниттік сәулеленуге ұшыратпаңыз.


- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылап отырған жағдайларды қоспағанда. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.

Техникалық сипаттамалар

Үлгісі	P601CGP	P451CGP
Сауда белгісі	DEXP	
Қуат параметрлері (кіріс)	100–240 В ~ 50–60 Гц	
Шығыс қуаты	60 Вт	45 Вт
Қосқыштар	USB Type-C (× 1)	
Қуат параметрлері (шығыс)	USB Type-C: 20 В ⎓ 3 А; 15 В ⎓ 3 А; 12 В ⎓ 3 А; 9 В ⎓ 3 А; 5 В ⎓ 3 А	USB Type-C: 20 В ⎓ 2,25 А; 15 В ⎓ 3 А; 12 В ⎓ 3 А; 9 В ⎓ 3 А; 5 В ⎓ 3 А
Минималды шығыс Кернеу	5 В	
Максималды шығыс Кернеу	20 В	
Максималды шығыс тогы	3 А	
Жылдам зарядтау	Бар	
Жылдам зарядтау стандарттары	AFC, AVS, FCP, Power Delivery 2.0, Power Delivery 3.0, Quick Charge 2.0, Quick Charge 3.0	
Электр тогының соғуынан қорғау класы	II	
Шаң мен ылғалдан қорғау дәрежесі	IPX0	

Үлгісі	P601CGP	P451CGP
Қолдану саласы	Тұрмыстық	
Жинақталым	Құрылғы, пайдалану бойынша нұсқаулық	

Құрылғы схемасы



Пайдалану

1. USB Type-C кәбілінің бір ұшын (жинаққа кірмейді) зарядтағыш құрылғының сәйкес қосқышына, ал екінші ұшын зарядтау қажет құрылғының қосқышына салыңыз.
2. Құрылғыңызды зарядтауды бастау үшін зарядтағыш құрылғының айырын розеткаға қосыңыз.
3. Зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтағыш құрылғыны розеткадан, ал кәбілді құрылғыдан ажыратыңыз.

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында, орамада, ауа температурасы +5 °С-тан +40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспаған жағдайда жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады.

- Құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ФОШАНЬ ДЖИ-ПАУЭР ТЭКНОЛОДЖИ КО., ЛТД. B4-601, 602, 603, 604, 702, 704, ЭсИксСи, Фушэн бат. тас жолы№1, Дафуцзи қауымдастығы, Жунгуй к-сі, Шуньдэ ауданы, Фошань қ., Гуандун провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Manufacturer: FOSHAN G-POWER TECHNOLOGY CO.,LTD. B4-601, 602, 603, 604, 702, 704, SXC, No. 1 Fusheng West Road, Dafuji Community, Ronggui Street, Shunde District, Foshan City, Guangdong Province, China.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар ТР ТС (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту мақсатында сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған себептермен істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды, бұл ретте өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылуы тиіс. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай.
Пайдалану мерзімі: 18 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.kz/service-center/

